

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мүлкін берудің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 тамыз N 893

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда халыққа көмек көрсетудің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі аумақтық органдарының теңгеріміне қосымшаға сәйкес 12 (он екі) бірлік санда ЖБКМТ тартқыш техникасын (жеңіл брондалған көп мақсатты тартқыш техникасын) ақысыз берсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен:

1) аумақтық органдардың осы қаулының 1-тармағында көрсетілген тартқыш техниканы теңгерімге қабылдауын;

2) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген тартқыш техниканы әкетуге, пайдалануға және жөндеуге байланысты іс-шараларды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті бюджетінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің аумақтық органын ұстауға көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен тартқыш техниканың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 12 тамыздағы
N 893 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен алынатын жеңіл брондалған көп мақсатты тартқыш техниканы (ЖБКМТ) бөлу тәртібі

Техниканы алушы	Саны
Ақмола облысының мемлекеттік өртке қарсы қызметі	1
Ақтөбе облысының мемлекеттік өртке қарсы қызметі	1
Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік өртке қарсы қызметі	2
Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік өртке қарсы қызметі	1
Қарағанды облысының мемлекеттік өртке қарсы қызметі	3
Қостанай облысының мемлекеттік өртке қарсы қызметі	2
Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік өртке қарсы қызметі	2
Жиыны:	12

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.